



«Нархоз университеті»  
Акционерлік қоғамының Ғылыми кеңесінің  
2019 ж. «29» қазандағы шешімімен  
№ 5 хаттамасымен  
**«БЕКІТІЛДІ»**

АҚ «Нархоз университетінің» құқық бойынша  
Халықаралық олимпиада ұйымдастыру және өткізу туралы  
**ЕРЕЖЕ**

## Құжаттың паспорты

<b>Құжаттың атауы:</b>	Ереже
<b>Қысқаша сипаттамасы:</b>	АҚ «Нархоз Университетінде» құқық бойынша Халықаралық олимпиада өткізудің ұйымдық-әдістемелік нормалары мен ережелерін бекітеді
<b>Тақырыбы:</b>	Ұйымдық-әдістемелік қаматасыз ету
<b>Мәртебесі:</b>	Ағымдағы күшінде
<b>Бекіту мерзімі:</b>	29.10.2019 ж.
<b>Күшінің жойылу мерзімі:</b>	Жаңа ереже қабылданғанға немесе бас тартқанға дейін
<b>Аудит мерзімі:</b>	Қажет болған жағдайда
<b>Аудитке жауапты:</b>	«Құқық» ғылыми-білім беру департаментінің директоры

## Мазмұны

Құжаттың паспорты.....	2
1. Жалпы ережелер.....	4
2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары.....	4
3. Олимпиада қатысушылары.....	4
4. Ұйымдық және әдістемелік комиссия .....	4
5. Пәндік олимпиада өткізу .....	5
6. Қорытынды шығару мен қатысушыларды марапаттау.....	6
8. Қорытынды ережелер.....	7

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже АҚ «Нархоз Университетінде» құқық бойынша Халықаралық олимпиаданың (әрі қарай – Олимпиада) мәртебесін, мақсаттарын және міндеттерін, сонымен бірге өткізу ережелерін анықтауға бағытталған.

1.2. Олимпиада жалпы білім беру мекемелерінің жоғарғы сынып оқушыларының құқық саласындағы білім деңгейлерін анықтауға арналған интеллектуалдық конкурс болып табылады.

1.3. Олимпиада екі кезеңде өтеді. Алғашқы кезең эссе түрінде, online режимде, сырттай өткізіледі. Екінші кезең көзбе-көз өткізіледі және нақты бір таспсырмаларды орындаумен байланысты болады – тестілеу және кейс тапсырмасын шешу.

1.4. Олимпиаданың жұмыс тілдері қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

## **2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары**

Олимпиада өткізу жолымен АҚ «Нархоз Университеті» (әрі қарай- Университет) жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларын көтермелеу:

- критикалық және творчестволық ойлауды дамытуға;
- оқушылардың творчестволық қабілеттіліктерін және құқық саласына деген қызығушылықтарын анықтауға, дамытуға;
- қызығушылықтары мен оқу саласы ұқсас оқушылардың білім алмасуына;
- жалпы білім беру мекемелерінде «Құқық» тобына жататын пәндерді оқыту мәселелері бойынша пікірталасқа;
- құқық саласында білім алуды насихаттау үшін қажетті жағдайлар жасауға.

## **3. Олимпиада қатысушылары**

3.1. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар:

Олимпиадаға жалпы білім беру мекемелерінің бітіруші сыныптарының оқушылары қатыса алады.

3.2. Қажетті құжаттар:

- Толтырылған өтініш online нысанда;
- Жеке куәліктің көшірмесі.

## **4. Ұйымдық және әдістемелік комиссия**

4.1. Олимпиаданы өткізудің әдістемелік комиссиясының құрамына Университеттің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің «Құқық» ғылыми-білім беру департаментінің ПОҚ-мы енгізіледі. Әдістемелік комиссиясының құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.2. Әдістемелік комиссияны «Құқық» ғылыми-білім беру департаментінің ПОҚ-нан тағайындалған төраға басқарады. Әдістемелік комиссияның төрағасы Университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.

- 4.2. *Әдістемелік комиссияның құзіреті:*
- Олимпиада тапсырмаларын даярлайды;
  - Олимпиаданың пәндік тапсырмаларын орындау критерийлері мен бағалау әдістемесін даярлайды;
  - орындалған пәндік (1,2 кезең) тапсырмаларды сараптамалық комиссияға береді;
  - келесі кезеңге өту мүмкіндігін беретін, Олимпиаданың қорытынды балын анықтайды;
  - Олимпиаданың Ержелеріне сәйкес, өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.3. Сараптамалық комиссия құрамына ұлттық және/ немесе халықаралық заңгерлер қоғамынан тәуелсіз сараптамашылар енгізіледі. Сараптамалық комиссияның құрамы Университет ректорының бұйрығымен анықталады. Сараптамалық комиссияның төрағасы «АҚ» «Нархоз университетінің» Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің декан лауазымы болып табылады.

4.4. Сараптамалық комиссия мүшелерінің саны тақ санды болуы тиіс.

4.5. Сараптамалық комиссия өз мүшелерінің ішінен жауапты секретарды таңдайды.

4.6. *Сараптамалық комиссияның құзіреті:*

- Олимпиаданың пәндік тапсырмаларының Олимпиада тақырыбына сәйкестігін қарайды;

- Олимпиада пәні бойынша тапсырмалардың рецензияларын бекітеді, хаттама толтырады және бекітеді;

- Олимпиаданың барлық кезеңдерінде оқушылар дайындаған пәндік тапсырмаларды өңдейді және тексереді;

- оқушылардың Олимпиаданың келесі кезеңіне өтуі туралы шешім қабылдайды.

- қорытындылар ведомостын даярлайды;

- Олимпиада қорытындылары мен жеңімпаздарын жариялайды;

- Олимпиаданың Әдістемелік комиссиясы мен Ұйымдастырушы комитетінің қызметіне өтініштер мен арыздарды қарайды.

- Олимпиада Ережесіне сәйкес, өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.7. Сараптамалық комиссияның шешімі арыздануға жатпайды.

## 5. Пәндік олимпиада өткізу

5.1. Олимпиада кезеңдерін өткізу Университет ректорының жеке бұйрығымен анықталады.

5.2. Тіркелу: қатысушыларға Олимпиаданың ресми бастаулына дейін Университеттің корпоративтік сайты <http://www.narhoz.kz>. арқылы online тіркеуден өтуі қажет.

5.3. Олимпиада екі кезеңмен өткізіледі:

**1 кезең – ЭССЕ.** Сөз саны - 1000 сөз. Эссені қатысушылар **online** режимде, Университеттің корпоративтік сайты <http://www.narhoz.kz>. арқылы жібереді.

Эссе тақырыбы жыл сайын Университет ректорының бұйрығымен бекітіліп отырады.

**2 кезең** – 100 сұрақ пен 2 (екі) кейстік тапсырмадан тұратын тест. Екінші кезеңге берілетін уақыт – 2,5 сағат. Кейстік тапсырмаларды шешу эссе түрінде рәсімделеді. Сөз саны бойынша шектеулер жоқ.

5.4. Бағалау критерийі:

Мүмкін болатын ең жоғарғы балл саны:

1 кезең – 100 балл.

2 кезең – 300 балл (100 балл – тесттік бөлімі, 100 балл – кейстік тапсырмаларды шешкені үшін, 100 балл – 2 - кейстік тапсырмаларды шешкені үшін).

*1 кезең және 2 кезеңдегі эссе.*

1. **Эссе құрылымы.** Эссе жинақтаулы болуы тиіс, ол кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімде автор өзекті мәселенің мазмұнын ұсынуы тиіс. Негізгі бөлімде эссе тақырыбына қатысты негізгі пайымдаулар ашылады, жағымды және жағымсыз кезеңдерге талдау жасалады. Қорытынды бөлімде автор өз қорытындыларын жасайды, сонымен бірге эссе тақырыбымен байланысты мәселелердің шешімінің мүмкін болатын нұсқаларын ұсынады.

2. **Құқықтық білім.** Эссені жазу барысында Қазақстан Республикасының негізгі заң актілеріне (Конституция, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, Неке және отбасы туралы заң) және/немесе халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттарға (келісімдер, шарттар, Конвенциялар және т.б) сілтеме жасау мадақталады.

3. **Құқық қолдану.** Негізгі заңдарды білуден басқа, автор эссені жазу барысында оларды дұрыс қолдана білуі тиіс, мысалы, азаматтық және қылмыстық құқықтық қатынастарды реттейтін заңдардың айырмашылығын білуі тиіс.

4. **Жазу стилі.** Эссе қолжетімді және де сауатты академиялық тілде жазылуы тиіс.

5. **Мәселені талдау.** Автор тақырыпты ашу барысында қандай да бір сұрақтың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтауы тиіс.

Эссенің бағасы анықталған білім мен қабілеттіліктің байланысты болады. *Әрбір критерий – 0 ден 20 баллға дейін* (толық және дұрыс жауап – 20 баллға дейін; толық емес жіне дұрыс жауап –10 баллға дейін; толық емес онша дұрыс емес жауап – 5 баллға дейін; қате жауап – 0 балл).

*2 кезеңдегі тестілеу.*

Олимпиаданың 2 кезеңнің тестілеу бөлімі 1 дұрыс жауапқа 1 балл қағидасында бағаланады.

## **6. Қорытынды шығару мен қатысушыларды марапаттау**

6.1. Марапаттар символикалық «медальдардан» тұрады, (алтын, күміс және қола), көтермелеу сертификаттары, жеңімпаздарға шәкіртақылар және қатысушы сертификаттары.

6.2. Грант саны: 9.

- 1 орын (алтын медаль) – Университетте «Құқық» В049 бакалавриат тобының шегінде білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға 90 % жеңілдік (1 грант).

- 2 орын (күміс медаль) – Университетте «Құқық» В049 бакалавриат тобының шегінде білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға 50 % жеңілдік (3 грант).
- 3 орын (қола медаль) – Университетте «Құқық» В049 бакалавриат тобының шегінде білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға 20 % жеңілдік (5 грант).

## **7. Ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету**

7.1. Олимпиаданы өткізуде ұйымдық-әдістемелік жұмыстар үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

7.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы қызметкерлер мен Университеттің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің «Құқық» ғылыми-білім беру департаментінің ПОҚ-мынан құрылады.

7.3. Ұйымдастыру комитетін Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің «Құқық» ғылыми-білім беру департаментінің директоры басқарады.



7.3. Ұйымдастыру комитеті мына мәселелерді шешеді:

- Олимпиада шеңберінде барлық іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;
- ОЛИМПИАДА қатысушыларын тіркеуді ұйымдастырады;
- жасалған жұмыстар жөнінде есепті ұсынады;
- Осы Ережеге сай өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

## **8. Қорытынды ережелер**

8.1. Осы ержені орындауға АҚ «Нархоз Университетінің» Құқық және мемлекеттік басқару мектебі жауапты болып табылады.

8.2. Ереже Университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі. Өзгерістер мен толықтырулар оларды Университеттің Ғылыми Кеңесінде бекіткеннен кейін ғана енгізіледі.

<b>Келісіді:</b>		
Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Оқу ісі жөніндегі проректордың міндетін атқарушы	Скиба М.А.	
Құқық және мемлекеттік басқару Мектебінің деканы	Буянский С.Г.	
<b>Құрастырған:</b>		
«Құқық» ҒБД директорының орынбасары	Джумабекова Р.	